

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Ө.ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан  
педагогикалық университетінің  
Басқарма төрағасы – Ректордың у.м.а.

\_\_\_\_\_ Г.Д. Сугирбаева

«Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің пәндік-кәсіби  
күзыреттіліктерін дамыту» біліктілік арттыру курсының  
БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта  
Жалпы сағат саны: 80

Шымкент 2024 ж.

Бағдарлама «Филология» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

*Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.*

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды.

*Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.*

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

*Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.*

*Келісілген:*

Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректордың у.м.а. ,  
Академиялық істер департаментінің директоры \_\_\_\_\_ Бердалиев Д.Т.

Филология факультетінің деканы \_\_\_\_\_ Масалиева Ж.А.

Үздіксіз білімді жетілдіру және  
қайта даярлау бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_ Дайырбеков С.С.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің пәндік-кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.

### Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Айнабекова Тенгекул Абдикадировна	Филология факультеті ағылшын тілі кафедрасы, филология ғ.к., доцент	87786376945
2	Атыбай Болат Қожанұлы	Үздіксіз білім беру орталығының маманы, филология магистрі	87012202097
3	Рамбердиева Ғайша Сыралханқызы	Филология факультеті ағылшын тілі кафедрасы, филология ғ.к., аға оқытушы	87775596767

## 1. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің пәндік-кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептердегі ағылшын тілі мұғалімдерін оқытуды реттейді.

Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша ағылшын тілі пәнін оқытудың заманауи технологиялары мен эмоциялық зиятты дамыту стратегиялары негізінде мұғалімдердің ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың «4К» дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

## 2. Глоссарий

*Педагогтің кәсіби құзыреттілігі* – мұғалімнің педагогикалық қызметінің қалыптасуын, педагогикалық қарым-қатынасын және белгілі бір құндылықтарды, идеалдар мен педагогикалық сананы тасымалдаушы ретінде мұғалімнің тұлғасын анықтайтын қажетті білім, білік және дағды жиынтығын меңгеруі.

*Сыни ойлау* – ақпаратты логикалық талдау және объективті бағалау, дұрыс қорытындылар мен шешімдерді қалыптастыру және осы

қорытындыларды стандартты және стандартты емес жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдай отырып, әртүрлі жағдайларда қолдана білу.

**Зерттеу дағдылары** – білім мен өмірлік тәжірибені пайдалану негізінде зерттеу қызметін жүзеге асыруға дайындық; процестерді, фактілер мен құбылыстарды зерттеуге және анықтауға бағытталған қызметтің мақсатын, шарттарын және құралдарын түсіну.

**Зерттеу әрекеті** – қойылған мәселе сипаты мен шарттарына тәуелді дәйекті, жүйеленген ізденістерді көздейтін ерекше жасалымдар жиынтығы.

**Функционалдық сауаттылық** – тіршілік әрекетінің негізгі түрлерінің танымдық құралдарын меңгеру дәрежесімен сипатталатын білім деңгейі; негізінен қолданбалы білім негізінде әртүрлі тіршілік салаларында стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеті.

**Критериалды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен салыстыру үдерісі.

**Оқытудың интерактивті әдісі** – бұл мұғалім мен білім алушының диалог немесе пікір талас түріндегі өзара әрекеттесуін қамтитын әдіс. Оқытудың интерактивті әдістері мұғалім мен оқушылар арасындағы кең өзара әрекеттесуге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздері арасындағы әрекеттесуге де бағытталған.

**Ақпараттық технологиялар** – бұл оқу процесін ұйымдастыру және басқару мақсатында қолданылатын оқу ақпаратын жинау, сақтау, өңдеу, шығару және таратудың компьютерлік технологиялары.

**«4К тұжырымдамасы»** – баланың төрт дағдысын дамытатын әдіс: шығармашылық, сыни ойлау, қарым-қатынас және ынтымақтастық.

**Блум таксономиясы** – оқу мақсаттарын күрделілік пен ерекшелік деңгейлері бойынша жіктеу үшін қолданылатын иерархиялық модель болып табылады.

**Белсенді әдістер** – білім алушылардың танымдық белсенділігін ынталандыратын әдістер. Белгілі бір мәселені шешу жолдары туралы еркін пікір алмасуды болжайтын диалог негізінде құрылады.

**Микрооқыту** – мұғалімдерге өз тәжірибесін жаңартуға қолдау көрсету.

**Курс тыңдаушысы** – біліктілікті арттыру курсынан өтуші тұлға.

**Оқыту нәтижелері** – оқу үдерісінің соңында білім алушы нақты нені білетінін, түсінетінін, істей алатындығын білдіретін құзыреттер жиынтығы.

**Дифференциация** – білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастыру, білім мазмұнын, формаларын, әдістерін, қарқынын, көлемін таңдау арқылы әр білім алушының білімді меңгеруіне оңтайлы жағдайлар жасау; білім беру жүйесінің әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

**Сандық білім беру ресурстары** – оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті мәтіндік құжаттар, сандық фотосуреттер, бейнеклиптер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық объектілері және интерактивті модельдеу, картографиялық материалдар, дыбыстық жазбалар, символдық нысандар, іскерлік графикалары және басқа материалдар.

*ChatGPT (Chat Generative Pre-trained Transformer)* — әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін адамға ұқсас сөйлесуге мүмкіндік беретін генеративті жасанды интеллект технологиясына негізделген OpenAI жасаған чат боты.

*SMART* – жеке тұлғаны ынталандырудың, бейімделудің, ресурстарға еркін қолжетімділіктің, технологияларды пайдаланудың білім беру бағытын көрсететін өзіндік Self-directed бағытталған, Motivated ынталандырылған, адаптивті (Adaptive), ресурстық (Resourcefree), технологиялық тұрғыдан жасалған сөздерінің қысқартылуы.

*Инклюзиялық оқыту* – білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

*Кері байланыс* – түсіндіретін материалдың игерілу деңгейі туралы ақпарат, белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру деңгейін анықтай отырып, білім алушының бойындағы өзгерістерге қатысты мұғалімге басқару тетігін тез өзгертуге мүмкіндік беретін құрал.

*Smart-learning* – бұл икемді оқыту, бұл көптеген дереккөздердің болуын, мультимедияның максималды әртүрлілігін (аудио, видео, графика), мобильді құрылғылардың көмегімен тыңдаушының деңгейіне және қажеттіліктеріне тез және оңай бейімделуге мүмкіндік береді.

*STEAM оқу* – бұл жобалық және оқу-зерттеу қызметін мектепте, мектептен тыс уақытта жүзеге асырудың бір бағыты, аралас оқыту ортасын білдіреді және оқушыларға ғылыми әдісті күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығын көрсетеді.

*Микро сабақ* – педагогтердің тәжірибесін жетілдіру мақсатында оларға қолдау көрсету әдісі.

*Педагогикалық инновациялар* – білім беру практикасында педагогикалық жаңалықтарды тарату.

*CEFR (тілдерге арналған жалпы еуропалық анықтамалық шеңбері)* – шетел тілін меңгеру деңгейлерін сипаттайтын халықаралық деңгейде мойындалған стандарт.

### **3. Бағдарлама тақырыптары**

**3.1 Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері:** педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау және түсіндіру; академиялық адалдық алаңын сақтау бойынша заңнамаларға шолу.

**3.2 Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері:** табысты оқыту аясында тәрбие құндылықтары мен балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын сабақ мазмұнына кіріктіруді анықтау.

**3.3 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру:**

педагогтің практикалық қызметін жүйелі сараптауға және теориялық тұрғыда сүйемелдеуге кәсіби-мотивациялық дайындығын қалыптастыру; ағылшын тілі пәні мұғалімінің пәндік-құзыреттіліктерін дамытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану; оқыту мақсаттарын диагностикалық анықтау.

**3.4 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану:** ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін арттырудағы цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жолдарын анықтау.

**3.5 Педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамыту:** оқу және зерттеу қызметінің рефлексиясын (Action Research, Facilitated Research, Lesson Study) нақтылау, айқындау; авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу жолдары; ағылшын тілі пәні мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулер.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

**4.1 Мақсаты:** Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің оқытудың тиімді формалары мен әдістерін қолдану арқылы пәндік кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

##### **4.2 Міндеттері:**

нормативтік-құқықтық құжаттарға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына, типтік оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес оқытуды ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен принциптерін меңгеру;

ағылшын тілі пәнінің білім беру мазмұнына сәйкес білім алушылардың жеке дамуына арналған педагогика мен психологияның заманауи тәсілдерін үйрете отырып, тыңдаушылардың пәндік білімін кеңейту;

педагогтің практикалық қызметін жүйелі сараптауға және теориялық тұрғыда сүйемелдеуге кәсіби-мотивациялық дайындығын қалыптастыру;

ағылшын тілі мұғалімдерінің пән бойынша білім беру үдерісіндегі цифрлық құзыреттілігін жетілдіріп отыруға бағыттау;

оқу және зерттеу қызметінің рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету.

##### **4.3 Күтілетін оқу нәтижелері:**

орта білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерді және оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша құқықтық негіздерді түсіндіреді;

білім беру үдерісінің психологиялық және педагогикалық қолдау негіздерін түсіндіреді;

ағылшын тілі пәнінің мазмұнын оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың маңызын меңгереді және сабақты ұйымдастырудың әдістемесін жасайды;

оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана алады;

заманауи білім берудегі педагогикалық технологиялар мен интербелсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануды бағалайды; ағылшын тілі пәні мазмұны бойынша ғылыми жобалар мен зерттеулерді түсіндіреді.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

5.1 Курс бағдарламасы 5 модульден тұрады:

білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері;

тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері;

білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру;

білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану;

педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

5.2 Білім беру процесі бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Білім беру ұйымының талаптарына және оқытылатын педагогтердің қажеттіліктеріне қарай бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

6.1 Курс бағдарламасының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайтын күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі ОТЖ) сәйкес ұйымдастырылады.

6.2 Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкесі курс екі кезеңнен тұрады: күндізгі оқу (офлайн-off-line) – 30 сағат), қашықтықтан оқу (онлайн-online) – 50 сағат. Курс бағдарламасы біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағытталып, заманауи білім беру технологиялары мен интерактивті оқыту формаларын пайдалану арқылы қол жеткізілген іс-әрекет тәсілдерін көздейді.

6.3 Күндізгі және қашықтықтан оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, микро сабақ таныстырылымы, қорытынды тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және микро сабақтардың тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

6.4 Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: вебинар, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, тәжірибелік сабақтар (бұдан әрі – ТС), тренингтер, шеберлік сыныптар, өзіндік жұмыстар,



дөңгелек үстелдер, микро сабақтың таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ қашықтықтан оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

6.5 Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлері курстың ОӘК-не енгізіледі.

## **7. Бағдарламаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

### ***7.1 Модуль 1: «Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері»***

Модульдың құрылымы:

ұзақтығы – 4 сағат (дәріс – 2 сағат, практикалық – 2 сағат).

Модульдің мақсаты: педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау және түсіндіру.

Модульдің міндеттері:

- ағылшын тілі пәнінің оқу бағдарламасы, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрлымының ерекшеліктерін анықтау;

- білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселерге түсінік беру;

- заманауи білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы қарастыру;

- жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін талқылау;

- педагогтерді аттестациядан өтудің қағидаттарын талқылау.

Модульдың қысқаша мазмұны:

Мұғалімнің нормативтік құқықтық құжатын қарастыруды ұсынылады, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдары. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары және т.б. мазмұнымен танысу, талдау.

Оқу бағдарламасының құрылымын, ондағы мақсат пен міндеттер, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдері, бағалау жүйесі туралы қарастыру.

Қоғам алдында мектеп мұғалімдерінің мәртебесін көтеруге байланысты «Педагог мәртебесі» туралы Заңының мәні мен негізгі ережелерін, мұғалім Заң жайлы нені білуі және түсіну керектігін қарастыру.

Оқу жоспарының құрылымын, пән бойынша оқу бағдарламаларын, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды талдау. Критерийлер мен

дескрипторлардың айырмашылығын, қалыптастырушы бағалауға негізделген бағалаудың маңыздылығын тереңірек түсіну.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 05 қазандағы Республикалық педагогтер съезінде баса назар аударған білім беру саласындағы 7 өзекті мәселені талдау (Ұстаздар біліктілігін арттыру, Балаларға заманға сай озық білім беру, Мектептегі орын тапшылығын жою, Мектеп ең қауіпсіз орынға айналуға тиіс, Қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою, Білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету, Оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру).

Білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қолдану аясы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптерін қарастыру. Сапалы білім беруді дамытудың мақсаты мен оны жүзеге асыруда атқарылатын міндеттері және білім беру деңгейлеріне қойылатын талаптарды түсіндіру.

Күтілетін нәтиже

Курс соңында 1-модуль бойынша тыңдаушылар:

- Сапалы білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы түсіндіреді;
- білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді қолдана алады;
- ағылшын тілі пәнінің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрылымының ерекшеліктерін анықтайды.

***7.2 Модуль 2: «Заманау білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»***

Модульдың құрылымы:

ұзақтығы – 8 сағат (дәріс – 3 сағат, практикалық сабақ – 4 сабақ, тренинг – 1).

Модульдің мақсаты: табысты оқыту аясында тәрбие құндылықтары мен балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын сабақ мазмұнына кіріктіруді анықтау.

Модульдің міндеттері:

- ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие бағдарламасын талдау;
- тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда білім алушылардың жас ерекшелігінің маңыздылығы анықтау;
- құндылықтарды сабақ жоспарына кіріктірудің маңыздылығын анықтайтын тапсырмалар құрастыру;
- табысты оқыту аясында сыныптағы ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру жолдарын ұсыну.

***7.3 Модуль 3: «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру»***

Модульдің құрылымы:

ұзақтығы – 54 сағат (дәріс – 4 сағат, практикалық жұмыс – 20 сағат, тренинг – 24 сағат, жобамен жұмыс – 2, шағын-сабақ – 4 сағат).

Модульдің мақсаты: педагогтің практикалық қызметін жүйелі сараптауға және теориялық тұрғыда сүйемелдеуге кәсіби-мотивациялық дайындығын қалыптастыру.

Модульдің міндеттері:

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын қалыптастырушы тапсырмалардың түрлерін қарастыру;
- ғылыми-зерттеу дағдыларды дамытуға бағытталған эксперимент әдісі және оны алмастыра алатын әдістерді қолдану;
- диалогтық оқыту мен топтық жұмыстар, сабақты зерттеуге бағытталған әдістердің білім сапасын арттырудағы рөлін анықтау;
- курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби құзіреттіліктерін анықтау (жоба танытымы).

Модульдың қысқаша мазмұны

Сабақ кезеңдері бойынша рецептивті (тыңдалым және оқылым) және өнімді (йтылым және жазылым) дағдыларды дамыту (PDP framework) жолдарын жетілдіру.

Ағылшын тілін оқытуда активті және интерактивті әдістерді пайдалана отырып, қысқа мерзімді жоспарды құру және микро оқыту.

Ағылшын тілін оқытуда 4К құзыреттіліктерін, яғни сыни ойлау, шығармашылық, коммуникативтік және кооперациялық дағдыларды қалыптастыру.

Блум таксономиясының негізінде тыңдаушылардың біліктілік қасиеттерін шындай түсуге, өзіндік ой – пікірлерін тұра білуге, өзіне сын көзбен қарауға, жаңашылдыққа ұмтылуға, сондай-ақ жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігін қалыптастыруға үйрету.

Lesson study сабақты жоспарлау және өткізудің тиімділігін; Инклюзивті білім беруде мұғалімнің оқыту тәсілі және нәтижеге бағытталған білім беру мазмұнын; қашықтан оқыту сервистерін: Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Free Conference, BlueJeans және т.б., Daryn.online, Online Мектеп және т.б., AiTube медиахостингтің, YouTube бейнехостингтегі бейнересурстарын және т.б. пайдалануға үйрету.

Қорытынды жоба әзірлейді және танытымын жасайды.

***7.4 Модуль 4: «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану»***

Модульдың құрылымы:

ұзақтығы – 8 сағат (дәріс – 3 сағат, практикалық жұмыс – 4 сағат, ).

Модульдің мақсаты: цифрлық технологияларды сабақ мазмұнын түсіндіруде, бекітуде, бағалауда, алдыңғы білімді еске түсіруде қолдануды күнделікті сабақ жоспарлауға енгізу.

Модульдің міндеттері:

- сандық ресурстарды таңдау, құру және ортақ пайдалану;
- цифрлық технологияларды пайдалануды басқару және ұйымдастыр;

- бағалау тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологиялар мен стратегияларды пайдалану;
- инклюзивтілік, жекелендіру және оқушылардың белсенді қатысуын арттыру үшін сандық технологияларды пайдалану.

Модульдың қысқаша мазмұны

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып оқыту нәтижелері бойынша (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) тұрақты кері байланыс беру (қолдау, түзету және дамыту).

- білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын түсіндіреді;

- пәнді меңгеруде сандық білім беру ресурстары қолдануды;

- Оқу үрдісінде компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды қолдануды сипаттайды;

- Пәнге байланысты білім берудің электронды құралдары мен заманауи білім беру порталдарымен жұмыс жасауды біледі.

- аылшын тілін оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдауды меңгеруде, саралау бойынша жоспарлар пайдалануда оқушылардың шығармашылығын арттыруды қолданады.

Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, оқушыларға Steam – және STEAM-білім беруді ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін пайдалану.

Академиялық дағдыларды дамыту және бағалау үшін материалдарды іздеу (British Council, Voice of America, Macmillan Education интернет-ресурстарын пайдалана отырып) және CEFR деңгейлері бойынша бөлуді үйрету.

### ***7.5 Модуль 5: «Педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамыту»***

Модульдың құрылымы:

ұзақтығы – 6 сағат; (дәріс – 2 сағат, семинар – 2 сағат, жобамен жұмыс – 2 ағат).

Модульдің мақсаты: мұғалімдердің өз кәсібінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді көпшілікке ұсынуды демостарциялау.

Модульдің міндеттері: оқу және зерттеу қызметінің рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету.

Модульдың қысқаша мазмұны

Мектептегі ғылыми-зерттеу жұмысының форматы мен кезеңдері: зерттеу тақырыбын таңдау, мақсат қою, зерттеу әдістері мен міндеттерін анықтауды үйренеді; педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсетіледі. Алынған ақпараттың өзектілігін, пайдалылығын және жаңалығын анықтайды.

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Семинар	Практикалық жұмыс	Тренинг	Жобамен жұмыс	Шағын-сабақ презентация	Барлығы
1	Диагностикалық кіріс тесті							
2	<b>Модуль 1</b> <b>Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері</b>	2		2				4
<b>Оқыту нәтижесі:</b> нормативтік құжаттар негізінде оқыту бағдарламасы туралы тұтас түсінік қалыптастыру								
2.1	Педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау және түсіндіру.	1						1
2.2	«Ағылшын тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары			1				1
2.3	«Педагог» кәсіби стандарты. Біліктілік санаттары бойынша педагогтердің құзыреттілік критерийлері			1				1
2.4	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	1						1
3	<b>Модуль 2</b> <b>Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері</b>	3		4	1			8
<b>Оқыту нәтижесі:</b> Білім беруді дамыту тұжырымдамасы аясында ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің пәндік кәсіби құзыреттілік деңгейін дамыту								
3.1	Ағылшын тілін оқытуда, білім беру және тәрбиелеуде білім алушылардың жеке ерекшеліктері	1		2			2	5

3.2	Ағылшын тілі сабақтарында білім алушылардың жеке дамуына арналған педагогика мен психологияның заманауи тәсілдері	2			1			3
4	<b>Модуль 3</b> <b>Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру</b>	<b>4</b>		<b>20</b>	<b>24</b>	<b>2</b>	<b>4</b>	<b>54</b>
<b>Оқыту нәтижесі:</b> ағылшын тілін оқытуда рецептивті және өнімді дағдыларды дамыту үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру (активті және интерактивті әдістерді пайдалана отырып, қысқа мерзімді жоспарды құру және микро оқыту)								
4.1	<b>Ағылшын тілін оқытуда рецептивті және өнімді дағдылар</b>							
	Тілдік дағдыларды дамыту әдістері мен тәсілдеріне жалпы шолу (CLT, TBL)	1		4	4			9
4.2	<b>Ағылшын тілі сабақтарын жоспарлау: оқу нәтижелеріне қол жеткізу</b>							
	Курс тренерінің басшылығымен оқу мақсаттары негізінде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізу	1		6	8	2		17
4.3	<b>Ағылшын тілін оқытуда рецептивті және өнімді дағдыларды дамыту: активті және интерактивті әдістер</b>							
	Сабақ кезеңдері бойынша рецептивті (тыңдалым және оқылым) және өнімді (айтылым және жазылым) дағдыларды дамыту (PDP framework)	1		6	6		2	15
4.4	<i>Ағылшын тілін оқытудағы рецептивті және өнімді дағдыларды бағалау</i>							

	Бағалаудың әртүрлі тетіктерін қолдану. Оқу нәтижелері бойынша оқушылардың білім жетістіктерін мониторингілеуді іске асыру (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым)	1		4	6		2	13
5	<b>Модуль 4</b> <b>Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану</b>	4		4				8
	<b>Оқыту нәтижесі:</b> Академиялық дағдыларды дамыту және бағалау							
5.1	Академиялық дағдыларды дамыту және бағалау үшін материалдарды іздеу (British Council, Voice of America, Macmillan Education интернет-ресурстарын пайдалана отырып) және CEFR деңгейлері бойынша бөлу			2				2
5.2	<i>Ағылшын тілін оқытудағы оқу жетістіктерін бағалау кезіндегі кері байланыс түрлері</i>							
	Оқыту нәтижелері бойынша (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) уақтылы кері байланыс беру (қолдау,	2						2
5.3	<i>Шетел тілін оқыту үдерісінде әртүрлі білім беру сервистері мен оқу платформаларын пайдалану</i>							
	Жасанды интеллекті (ChatGPT)	1		1				2
5.4	<i>Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану</i>							
	Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып оқу бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру			2				2
6	<b>Модуль 5</b> <b>Педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамыту</b>	1	4		1			6

<b>Оқыту нәтижесі:</b> оқу және зерттеу қызметінің рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету (Action Research, Facilitated Research, Lesson Study)								
6.1	Зерттеу тақырыбын таңдау, мақсат қою, зерттеу әдістері мен міндеттерін анықтау	1			1			2
6.2	Авторлық білім беру бағдарлама мазмұны мен авторлық бағдарламаны әзірлеу		2					2
6.3	Пәндік құзіреттілікті қалыптастыруда Lesson study, Learning study зерттеулерін жүргізу.		2					2
<b>Барлығы:</b>		<b>14</b>	<b>4</b>	<b>30</b>	<b>26</b>	<b>2</b>	<b>4</b>	<b>80</b>

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Курс соңында жеке тыңдаушы немесе 3-4 тыңдаушыдан тұратын топ өз жобаларын әзірлеп, ұсынады. Жоба титулдық бетен, кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады: титулдық бетте курс тыңдаушысы ұйымның атауы, аты-жөні, жылы, қаласы көрсетіледі; кіріспе бөлімде таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, пайдаланылатын көздер, негізгі проблеманың тұжырымдалуы мен қысқаша сипаттамасы беріледі. Негізгі бөлімде мәселе дәйекті түрде ашылады, жобада шешу жолдары қадастырылады, оған әртүрлі көзқарастар сипатталады және автордың дәлелді позициясы көрсетіледі; қорытынды бөлімде жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің басты қорытындылары шығарылады, зерттеу нәтижелері бойынша практикалық ұсынымдар беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріледі және қажет болған жағдайда қосымшалар тіркеледі.

Жоба презентация түрінде таныстырылады.

### Жобаны бағалау критерийлері

Реттік саны	Бағалау критерийлері	Балдар	Түсініктемелер
-------------	----------------------	--------	----------------



Критерий 1	<b>Жоба мақсаттары мен міндеттердіне сай келуі:</b> мақсат тұжырымдалмаған – 0; мақсат тұжырымдалған, бірақ негізделмеген – 1; мақсат нақты көрсетілген, бірақ жалпы түрде негізделген – 2.	3	мақсат нақты тұжырымдалған және дәлелді түрде дәлелденген.
Критерий 2	<b>Жоба мақсатына жету жолдарын жоспарлау:</b> жоспар жоқ – 0; ұсынылған жоспар жобаның мақсатына қол жеткізуге әкелмейді – 1; жобаның мақсатына жетудің қысқаша жоспары ұсынылған – 2.	3	жобаның мақсатына жетудің егжей-тегжейлі жоспары ұсынылған.
Критерий 3	<b>Жоба тақырыбын ашу тереңдігі:</b> Жобаның тақырыбы ашылған жоқ - 0 Жобаның тақырыбы үзінділермен ашылады (жобада тақырыптың барлық аспектілері ашылмаған) - 1	3	Жобаның тақырыбы толық және жан-жақты ашылған .
Критерий 4	<b>Ақпарат көздерінің әртүрлілігі, оларды пайдаланудың орындылығы:</b> жобаның тақырыбы мен мақсатына сәйкес келмейтін ақпарат пайдаланылды – 0; ұсынылған ақпараттың көпшілігі жұмыс тақырыбына қатысты емес – 1; жұмыс шектеулі көлемдегі тиісті ақпараттарды қамтиды, ұқсас дереккөздердің саны аз – 2.	3	жұмыста әртүрлі көздерден алынған жеткілікті толық ақпарат бар.
Критерий 5	<b>Жұмыс барысын талдау, қорытындылар мен перспективалар:</b> жұмыстың барысы мен нәтижелерін талдау әрекеті жасалған жоқ – 0; талдау жұмыстың орындалу барысы мен тәртібінің қысқаша сипаттамасымен ауыстырылады – 1; жобада көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу бойынша жұмыстың егжей-тегжейлі шолуы берілген – 2.	3	жұмыс барысында туындаған жағдайларға талдау ұсынылады, қажет қорытындылар, жұмыс перспективалары белгіленді.

Критерий 6	<p><b>Курс тыңдаушысының дербестік дәрежесі, жобалардағы жұмысқа шығармашылық көзқарасы:</b> шығарма үлгімен берген, ол курс тыңдаушысының формальды қатынасын көрсетеді – 0; курс тыңдаушысы жоба тақырыбына аз қызығушылық танытқан, бірақ жұмысында өз көзқарасын көрсетпеген, шығармашылық көзқарас мүмкіндіктерін пайдаланбаған – 1; курс тыңдаушысы байыпты қызығушылығын көрсететін өзіндік жұмысын ұсынған, жобаның тақырыбы бойынша шығармашылық элементтерін берген, жеке көзқарасты ұсынуға әрекет жасаған – 2.</p>	3	жобалардағы жұмысқа шығармашылық көзқараспен, өзіндік көзқарасымен ерекшеленеді.
Критерий 7	<p><b>Жазбаша бөлімге қойылатын талаптарға сәйкестігі:</b> жобаның жазбаша бөлігі жоқ – 0; шығарманың жазбаша бөлігінде белгіленген тәртіп пен түсініксіз құрылымы, жобалаудағы қателер – 1; жұмысты белгіленген ережелерге сәйкес құрылымды беру арқылы ресімдеуге талпыныс жасалды – 2.</p>	3	жұмыс белгіленген ережелерге сәйкес анық және сауатты дизайнымен ерекшеленеді.
Критерий 8	<p><b>Баяндау сапасы:</b> презентация өткізілмеді – 0; Баяндама презентация талаптарына сай емес – 1; Баяндама презентацияға қойылатын талаптарға сай, нормативтік құқықтық актілердің шеңберінде, бірақ автордың аудиториямен қарым-қатынас мәдениеті жеткіліксіз, презентация жақсы дайындалмаған – 2.</p>	3	баяндама презентацияға қойылатын талаптарға сай, нормативтік-құқықтық актілердің шеңберінде болды, презентацияны меңгерген, аудиториямен қарым-қатынас мәдениеті жақсы.

Критерий 9	<b>Жоба өнімінің сапасы:</b> жоба өнімі жоқ – 0; дизайн өнімі сапа талаптарына сәйкес келмейді (эстетика, қолдануға ыңғайлы, көрсетілген мақсаттарға сәйкестік) – 1; өнім сапа талаптарына сәйкестігі толық емес – 2.	3	Өнім сапа талаптарына толық сәйкес келеді (эстетикалық, қолдануға ыңғайлы) пайдалану, көрсетілген мақсаттарға сәйкес келеді).
	<b>Балдар саны</b>	<b>27</b>	

## 9. Курстан кейінгі қолдау

9.1 Курс тыңдаушыларының алған білімін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін күнтізбелік бір жыл ішінде курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі сүйемелдеу мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен айқындалады.

9.2 Мұғалімдерді курстан кейінгі сүйемелдеу куратормен он-лайн консультациялар, іс-шаралар, конкурстар, түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистерді (YouTube, Zoom. т.б.) қолдана отырып іс-шаралар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

- 1 «Білім туралы» ҚР Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- 2 «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/15002?lang=kk>
- 3 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
- 4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317#z1>

- 5 «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы» ҚР ОМ министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>
- 6 Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту. [Электрондық ресурс] – URL:  
<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170>
- 7 Kunanbaeva S.S. Professional task-based guide to the programme “Modern foreign language education: methodology and theory”. Volume 2. Almaty, 2014.
- 8 Кунанбаева С.С. Компетеностное моделирование профессионального иноязычного образования..Алматы,2014.
- 9 Khalyapina, L.P. Methodological system for the formation of a multicultural language personality through Internet communication in the process of teaching foreign languages.St. Petersburg; RGPU named after AHerzen, 2016.
- 10 Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment.Council of Europe - Strasbourg, 2015.
- 11 Куракбаев К.С., «Action Research» как подход к исследовательской деятельности педагога-практика, журнал «Открытая школа», №7 (128), 2013г.  
[https://open-school.kz/glavstr/teacher\\_issledovatel/teacher\\_issledovatel\\_128\\_1.htm](https://open-school.kz/glavstr/teacher_issledovatel/teacher_issledovatel_128_1.htm)
- 12 Wilson E., School-based Research, A Guide for Education Students, University of Cambridge, UK, SAGE Publications Ltd, 2017, - 416 p.
- 13 Baumfield, V., Bethel, A., Boyle, C., Katene, W., Knowler, H., Koutsouris, G., & Norwich, B. (2022). How lesson study is used in initial teacher education: an international review of literature. *Teacher Development*, 26 (3), pp. 356–372. <https://doi.org/10.1080/13664530.2022.20639>
- 14 Bayram, İ., & Canaran, Ö. (2020). Lesson study in action: A multiple case study of EFL teachers. *Bartın University Journal of Faculty of Education*, 9(3), 666-679.
- 15 Yalçın Arslan, F. (2019). The role of lesson study in teacher learning and professional development of EFL teachers in Turkey: A case study. *TESOL Journal*, 10(2), 1-13. <https://doi.org/10.1002/tesj.409>
- 16 Class Activities Inspired By Bloom’s Taxonomy: Your Step-by-Step Guide. Bloom’s Taxonomy activities.  
<https://www.youtube.com/watch?v=TI4kZb0vLiY>
- 17 Компетенции ««4К»»: формирование и оценка на уроке: Практические рекомендации / авт.-сост. М. А. Пинская, А. М. Михайлова. – М.:

Корпорация «Российский учебник», 2019. – 76, [4] с.

- 18 Компетенции «4К»: средовые решения для школы. Практические рекомендации: учебно-методическое пособие / сост. М. А. Пинская, А. М. Михайлова. — М.: Российский учебник, 2020. – 95, [1] с.: ил.
- 19 Основы разработки электронных образовательных ресурсов. [Электронный ресурс] – URL: <http://eduamti.org.ru/course/view.php?id=2>
- 20 Педагогикалық іс-әрекетті талдауға дайындықты ұйымдастырудағы әдістемелік нұсқаулар. [Электрондық ресурс] – URL: <https://infourok.ru/metodicheskie-rekomendacii-po-samoanalizu-471545.html>
- 21 Проект «Bilimal». [Электронный ресурс] – URL: <https://www.bilimal.kz/>